

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
КЕАҚ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университетінің»  
Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы  
педагогикалық институты



BAHTURSYNULY  
UNIVERSITY

«ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ  
ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР»  
**АТТЫ СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ**  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

**СУЛТАНГАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ**  
«ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ  
В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ»  
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ –  
ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

г. Костанай, 20.11.2025 г.

УДК 37.0  
ББК 74.00  
3 - 21

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиевна** Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, Басқарма мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент); **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор; **Сильвия Адамцова**, уманитарлық ғылымдар магистрі, философия докторы (PhD), Экономикалық университеті Братиславада, Словакия; **Сухов Михаил Васильевич**, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ОМУ) доценті, Челябині, Ресей; **Радченко Татьяна Александровна**, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі; **Алимбаев Алибек Алпысбаевич**, PhD докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының профессор ассистенті; **Телегина Оксана Станиславовна**, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы; **Шумейко Татьяна Степановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының.

3- 21

«Заманауи білім берудегі дәстүрлер мен инновациялар»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2025» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2025 жылдың 20 қараша. Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025. – 1322 б.

«Традиции и инновации в современном образовании»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2025», 20 ноября 2025 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025 – 1322 с.

ISBN 978-601-356-621-4

«Сұлтанғазин оқулары–2025» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағында білім берудің заманауи даму бағыттары, цифрлық трансформация жағдайындағы педагогикалық үдерістер және білім беру мазмұнын жаңғырту мәселелері қарастырылады. Отандық және шетелдік авторлардың мақалаларында педагогикалық және жаратылыстану-ғылыми білім беру, құзыреттілікке негізделген оқыту, интерактивті және инновациялық педагогикалық технологиялар, сондай-ақ білім алушылардың кәсіби, мета- және цифрлық құзыреттерін қалыптастыру мәселелері талданады. Жинақта жоғары білім беру жүйесінде жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды қолдану, болашақ педагогтар мен ХХІ ғасыр мамандарын даярлаудың практикалық бағдарлы модельдері ерекше назарға алынады. Жинақ ғалымдарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттарға, магистранттар мен студенттерге, сондай-ақ заманауи білім беру мәселелеріне қызығушылық танытатын мамандарға арналған.

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения–2025» отражает современные научные подходы к развитию образования в условиях цифровой трансформации и глобальных изменений. В статьях отечественных и зарубежных авторов рассматриваются проблемы и перспективы педагогического и естественно-научного образования, компетентностно-ориентированного обучения, интерактивных и инновационных педагогических технологий, а также формирования профессиональных, мета- и цифровых компетенций обучающихся. Особое внимание уделяется роли высшего образования в подготовке педагогов и специалистов XXI века, вопросам внедрения искусственного интеллекта, цифровых инструментов и практико-ориентированных моделей обучения. Сборник предназначен для учёных, преподавателей высших учебных заведений, докторантов, магистрантов и студентов, а также специалистов, интересующихся актуальными направлениями развития современного образования.

ISBN 978-601-356-621-4



УДК 37.0  
ББК 74.00

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025  
© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025

Музыкалық білім беру - Музыкалық білім беру – болашақ музыканттарды, орындаушыларды және педагогтарды дайындаудың маңызды бөлігі. Бұл сабақта музыкалық білім берудің әдістемесі мен педагогикалық қағидалары қарастырылады. Оқушылар музыка оқытудың тиімді тәсілдерін меңгереді. Сонымен қатар, музыкалық білімнің жеке тұлғаның дамуына әсері зерттеледі. Музыка сабақтарын ұйымдастыру әдістері мен олардың тиімділігі қарастырылады. Бұл сабақ болашақ музыка мұғалімдері үшін аса маңызды.

Қорытынды бақылау жұмыстары – оқушылардың білімдерін қорытындылау мақсатында бірнеше бақылау жұмыс түрлерін мысал ретінде келтіре отырып, тапсырмалар жинағын ұсыну.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. А. Байтасов. «Музыкалық білім беру негіздері» – Алматы: «Әнұран», 2012. – 230 б.
2. Ә. Сейітқали. «Қазақтың дәстүрлі музыкасы» – Астана: «Қазақ музыкасы» баспасы, 2014. – 257 б.
3. Р. Айтбай. “Музыка теориясы мен орындаушылық шеберлік” – Алматы: «Білім», 2005. – 180 б.
4. И. Жұбанов. “Музыкалық өнердің негіздері” – Алматы: «Ән мен Дәстүр», 2017. – 163 б.
5. М. Төлебаев. “Қазақ опера өнері” – Алматы: «Дәстүр», 2010. – 245 б.
6. Н. Нұрталиев. “Эстрада және заманауи музыка” – Алматы: «Мелодия», 2012. – 159 б.
7. А. Әбдірахманов. “Музыкалық импровизация негіздері” – Астана: «Музыка әлемі», 2015. – 230 б.
8. Л. Жұбанова. “Музыка мен поэзияның үндестігі” – Алматы: «Авангард», 2017. – 320 б.

УДК 37.013

## **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ДАМУ - БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ**

**Бахтиярова Гульшат Рахметжановна**  
педагогика ғылымдарының кандидаты,  
профессор  
Қ.Жұбанов ат. АӨУ  
Қазақстан, қ. Ақтөбе  
**Қайрлаева Ақерке Дәуренбекқызы**  
Қ.Жұбанов ат. АӨУ  
2 курс магистранты  
Қазақстан, қ. Ақтөбе

#### **Аңдатпа**

*Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуда оқытуды жекелендіру мен саралаудың маңызы қарастырылады. Оқу процесінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі деңгейдегі*

тапсырмалар мен әдістерді қолдану олардың танымдық белсенділігін, дербестігін және шығармашылық ойлауын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сараланған және жекелендірілген оқыту тәсілдері оқушылардың жеке қабілеттерін толық ашуға, оқу жетістіктерін арттыруға және шығармашылық елеуетін дамытуға бағытталған.

**Түйінді сөздер:** жекелендірілген оқыту, саралап оқыту, шығармашылық қабілет, бастауыш сынып, оқу мотивациясы, танымдық белсенділік, жеке даму, оқу процесі, мұғалімнің әдіс-тәсілдері, оқушы тұлғасы

### **Аннотация**

*В статье рассматривается значение индивидуализации и дифференциации обучения в развитии творческих способностей учащихся начальных классов. Учет индивидуальных особенностей школьников и использование заданий разного уровня сложности способствуют формированию познавательной активности, самостоятельности и творческого мышления. Дифференцированные и индивидуальные методы обучения направлены на раскрытие личностного потенциала каждого ученика и повышение эффективности учебного процесса.*

**Ключевые слова:** индивидуализированное обучение, дифференцированное обучение, творческие способности, начальные классы, учебная мотивация, познавательная активность, личностное развитие, учебный процесс, методы и приёмы учителя, личность ученика.

### **Abstract**

*This article explores the importance of individualized and differentiated instruction in developing the creative abilities of primary school students. Taking into account students' individual characteristics and applying tasks of varying complexity help foster cognitive activity, independence, and creative thinking. Differentiated and individualized teaching methods aim to unlock each student's potential, enhance learning outcomes, and promote the development of creativity in the educational process.*

**Keywords:** individualized learning, differentiated instruction, creative ability, primary school, learning motivation, cognitive activity, personal development, learning process, teacher's methods and techniques, student's personality.

Қазіргі Қазақстан қоғамының басты міндеттерінің бірі – шығармашыл, дербес ойлай алатын, өмірлік ұстанымы айқын тұлға тәрбиелеу. Бұл бағытта Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бабында, 1-тармағында білім беру жүйесінің негізгі міндеттері ретінде жеке адамның шығармашылық, рухани және зияткерлік қабілеттерін дамыту, сондай-ақ өздігінен білім алуға және кәсіби тұрғыдан жетілуге жағдай жасау қажеттілігі айқындалған. Осы талап бастауыш білім беру сатысында өзекті мәнге ие, себебі бұл кезеңде баланың танымдық белсенділігі, қиялы мен шығармашылық ойлауы қалыптасады.[1]

«2024–2025 оқу жылына арналған жалпы білім беретін мектептерге әдістемелік нұсқау хатта» да бастауыш буындағы оқыту үрдісін ұйымдастыруда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар мен әдістемелерді тиімді пайдалану ұсынылған. Әсіресе, пәндер бойынша жобалық, зерттеушілік және

ойындық әрекеттер арқылы оқушының өзіндік көзқарасын қалыптастыру мен шығармашылық бастамаларын қолдау қажеттілігі ерекше атап өтіледі.[2]

Сондықтан бастауыш білім берудің басты міндеті – баланың табиғи қабілеттерін ашуға, шығармашылық әлеуетін дамытуға, дербес ойлау мен өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін білім беру ортасын қалыптастыру.

Қазіргі уақытта қоғамға тек терең және тиянақты білімі бар адамдар ғана емес, сонымен қатар өз бетінше, дәстүрден тыс, шығармашылық тұрғыда мәселелерді шеше алатын тұлғалар қажет. Қоғамның әлеуметтік тапсырысы білім беру жүйесін шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағыттайды.

Бұл міндеттерді табысты шешу көбіне бастауыш сыныптардағы оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыруға байланысты, себебі дәл осы кезеңде оқу әрекеті қалыптасып, белсенділік, дербестік және шығармашылық әлеуеттің негізі қаланады. Егер балада оқуға деген қызығушылық болмаса, оның белгілі бір жеке қабілеттері болғанның өзінде жетістікке жету қиын. Баланың оқуға деген қатынасы оның қабілеттерімен тығыз байланысты. Егер оқу табысты жүрсе – оқуға деген ынта артады, ал сәтсіздіктер кезінде ол бәсеңдейді. Сәтсіздіктердің себебі тек алдыңғы оқу кезеңдерінде алынған білімнің жеткіліксіздігі ғана емес, сонымен қатар баланың қабілеттерінің толық дамымауы болуы мүмкін. Сондықтан мұғалімнің міндеті- баланы оқуға тарта білу, оның ықыласын оятып, шығармашылық қабілеттерін дамуға ынталандыру.

Бастауыш мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – бастауыш сынып оқушысының тұлғасын жан-жақты дамыту. Баланың толыққанды дамуына оқу және шығармашылық іс-әрекеттер ерекше ықпал етеді. Оқу процесінде балаларда білім алу дағдылары мен біліктері қалыптасса, шығармашылық әрекет барысында оқушының өзіндік белсенділігі, өзін-өзі таныту қабілеті, жаңа нәрсе жасауға деген ұмтылысы дамиды. Танымдық іс-әрекет тек қайта жаңғырту деңгейінде ғана емес, сонымен қатар шығармашылық деңгейде де жүзеге асқаны маңызды, өйткені дәл осы арқылы баланың жан-жақты дамуына қол жеткізуге болады. [3] Шығармашылық әрекетті оқу процесіне енгізу оқушылардың қызығушылығын арттырып, материалды тереңірек әрі жеңіл меңгеруге мүмкіндік береді.

Бастауыш мектеп жасы – шығармашылық қабілеттерді дамытудың ең қолайлы кезеңі. Балалар қолымен бір нәрсе жасаған кезде олардың зейіні мен есте сақтау қабілеті дамиды, ойлануға, талдауға үйренеді. Осы арқылы эстетикалық талғамы, логикалық ойлауы және кеңістік қиялы қалыптасады. Қол еңбегі барысында баланың ұсақ моторикасы дамиды, бұл – оның жалпы дамуы үшін өте маңызды. Адам миында

сөйлеу мен қол саусақтарының қозғалысын басқаратын орталықтар бір-біріне өте жақын орналасқандықтан, ұсақ моториканың дамуы мидың сөйлеу қызметін де белсендіреді, яғни сөйлеу қабілетінің жетілуіне және жазу дағдысының жақсаруына әсер етеді.

Дұрыс ұйымдастырылған еңбек әрекеті бастауыш сынып оқушыларына түрлі материалдардың қасиеттері туралы қажетті білім береді, жағымды эмоция туғызады, еңбек етуге деген қызығушылығын арттырады және шеберлікке баулиды. Сонымен қатар, ол балаларды халықтық сәндік-қолданбалы өнермен таныстырып, ұлттық мәдени құндылықтарға жақындатады.

Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін «Сөйлеу», «Дыбыстар мен әріптер», «Мәтін», «Сөйлем», «Сөз», «Сөз таптары» сияқты бөлімдерді оқу барысында ұйымдастыруға болады. Шығармашылық оқу үдерісінде жаңа білімді ашу кезеңінде көрініс табады және ол оқу материалының ең жоғары деңгейде меңгерілуінің – яғни білім мен білікті жаңа жағдайларда қолдана алу деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Қазақ тілі сабақтарында шығармашылық тапсырмаларды жүйелі түрде қолдану оқушылардың оқу материалын сапалы меңгеруіне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына ғана емес, сонымен бірге пәнге деген қызығушылығының, танымдық белсенділігінің, дербестігі мен зияткерлік қиындықтарды жеңуге деген табандылығының қалыптасуына ықпал етеді.

Бастауыш мектептегі әдебиеттік оқу сабағы да оқушыларды шығармашылық әрекетке тартуға мүмкіндік береді. Бұл сабақтарда оқу материалының негізінде балалардың шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған тапсырмалар орындалады. Әдебиеттік оқу сабақтарындағы шығармашылық тапсырмаларға шығарма жазу, өлең құрастыру, ауызша әңгіме құрау сияқты жұмыстар жатады.

Әдебиеттік оқу сабағында балаларға авторлық ертегілердің ерекшеліктерін талдау ұсынылады - мысалы, жыл мезгілдерінің бейнелену тәсілін, олардың суреттелуіндегі сиқыр элементтерін анықтау. Осы арқылы әр жыл мезгілінің өзіндік ерекшеліктері ашылады. Одан кейін жұмыс шығармашылық іс-әрекетке ұласады. Шығарма талдау барысында мұғалім балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында: «Осы шығармаға қандай иллюстрация салар едіңдер?» – деген сұрақ қоя алады. Бұл тапсырма оқушыларды шығармашылық әрекетке тартып, олардың қиялы мен бейнелеу қабілеттерін дамытады. Үй тапсырмасы да шығармашылық сипатта болуы мүмкін, мысалы: ұсынылған тақырыптардың бірі бойынша жыл мезгілдерінің бірін сипаттай отырып, өз ертегісін жазу.

Математика сабағында шығармашылық қабілеттерді дамыту — оқушының логикалық ойлауын, ізденісін, өз ойын дәлелдеуді, жаңа тәсілдерді таба білуді қалыптастыратын маңызды бағыт.

Шығармашылық іс-әрекет тек сурет, музыка немесе әдебиетпен шектелмейді; математика да оқушыға жаңаша ойлауға, стандартты емес шешімдер іздеуге мүмкіндік береді.

Математика сабақтарында шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін мұғалім оқыту процесін ұйымдастыруда әртүрлі әдістерді қолдануы қажет:

- проблемалық жағдаяттар мен зерттеушілік тапсырмалар ұсыну;
- логикалық және танымдық ойындарды енгізу;
- өмірмен байланысты практикалық есептер беру;
- бір есептің бірнеше шешу жолдарын табуға бағыттау;
- оқушыны өз ойын дәлелдеуге және басқалардың пікірін тыңдауға баулу.

Осындай тәсілдер оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ойлау икемділігін, қиялын, өзіндік пікір айту қабілетін дамытады. Әр баланың шығармашылық әлеуетін ашу — мұғалімнің басты міндеті. Қорытындылай келе, математика сабағында шығармашылық қабілеттерді дамыту – тұлғаның интеллектуалды және рухани дамуының негізі. Мұндай сабақтар оқушыларды тек есеп шығара білуге емес, шығармашылықпен ойлауға, өмірде кездесетін мәселелерді шешуде өз білімін тиімді қолдануға үйретеді.

Бастауыш білім беруде бейнелеу өнері мен көркем еңбек пәндерінің де рөлі ерекше. Бейнелеу әрекеті оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға, әсемдікке деген қызығушылығын оятуға, шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Мұндай сабақтарда оқушыларға шығармашылық сипаттағы тапсырмалар беріледі – өнер туындыларын талдау, суреттерге сәйкес өлең немесе әңгіме таңдау, сондай-ақ практикалық жұмыстар орындау. Бұл тәсіл оқу пәндерін ортақ тақырып аясында біріктіріп, оқушылардың танымдық және шығармашылық іс-әрекеттерін кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Бейнелеу өнері сабағының әр кезеңінде саралау мен жекелендіру әдістерін, түрлі деңгейдегі және көлемдегі тапсырмаларды қолдану мұғалімге әр оқушының жеке қабілетін, шығармашылық ерекшелігін ескеруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін арттырып, олардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Бастауыш сыныптардағы сәндік сурет сабағы бейнелеу өнері бойынша оқу-тәрбие жұмысының маңызды бөлігі болып табылады. Табиғатты бейнелеу, нұсқадан сурет салу және тақырыптық сабақтармен қатар, сәндік сурет салу оқушылардың ойлауын, шығармашылық қиялын, көркемдік қабілеттерін, эстетикалық талғамын дамытады және халықтық өнерге, туған өлкенің мәдениетіне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті арттырады. «Авторлық ертегілердегі

табиғат әлемі» тақырыбының жалғасы ретінде бейнелеу өнері сабағында оқушылар көркемөнер туындыларымен танысады. Балаларға табиғатты бейнелейтін суретшілердің картиналарын көрсету қажет. Суреттерді талдай отырып, оқушылар суретшінің көктемді, жазды, күзді немесе қысты қалай бейнелегенін анықтайды. Осы суреттерді сипаттағанда олар әдебиет сабақтарында үйренген сөз тіркестері мен көркем бейнелеу құралдарын қолданады. Сабақтың практикалық бөлігінде балалар өздерінің сүйікті жыл мезгілін бейнелейді.

Көркем еңбек пәні бағдарламасында «Табиғи материалмен жұмыс» бөлімі қарастырылған. Бұл сабақтарда оқушылар сурет салған пейзаждарын табиғи материалдармен (жапырақ, гүл, шөп, жидек т.б.) аппликация түрінде бейнелей алады. Мұндай тапсырмалар балалардың қиялын дамытып, олардың шығармашылық бастамасын ынталандырады. Өйткені оқушылардың табиғи қызығушылығын тудыратын шығармашылық іс-әрекет арқылы олар жаңа, қызықты және пайдалы нәрсені өз бетімен үйренеді.

Осылайша, пәндерді өзара байланыстырып жүргізілетін кешенді тәсіл бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытуға елеулі әсер етеді. Мұндай сабақтар баланың тұлғалық үйлесімді дамуына, ішкі мүмкіндіктерін ашуға, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға, ойлау қабілетін, сезімталдығын және шығармашылық тұрғыда әрекет ету қабілетін жетілдіруге ықпал етеді.[4]

Әрбір бастауыш сынып мұғалімі оқу процесінде оқушының жеке қабілеттері мен тұлғалық ерекшеліктерін барынша ескеруі қажет. Сабақтың әр кезеңінде сараланған және жекелендірілген әдіс-тәсілдерді қолдану оқытудың тиімділігін арттырып, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға мүмкіндік береді.

Саралау келесі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

- а) күрделілігі мен көлемі жағынан әртүрлі тапсырмалар дайындау;
- б) оқушыларға оқу тапсырмаларын орындау барысында мұғалім тарапынан түрлі деңгейдегі көмек көрсету;
- в) оқу материалының меңгерілу қарқынын әр оқушының ерекшелігіне қарай өзгерту;
- г) жеке және сараланған үй тапсырмаларын беру.

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, сабақтың әр кезеңінде саралау мен жекелендіру әдістерін қолдану ғана мүмкін емес, сонымен қатар бұл – қажетті шарт болып табылады.

Жаңа материалды оқыту барысында саралау мен жекелендірудің негізгі мақсаты – оқушылардың бұрын алған білімдерін өзектендіру, яғни жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде сол білімді қолдануға мүмкіндік беру. Жаңа материалды меңгеру кезеңінде оқушыларға бірдей деңгейдегі тапсырмалар берілгенімен, мұғалім оларға әртүрлі деңгейде көмек көрсетуі мүмкін — мысалы, нұсқаулықтар, жоспарлар,

еске салғыштар арқылы. Мұндай көмекті сонымен қатар пәнді жақсы меңгерген оқушылар – кеңесші-оқушылар да көрсете алады.

Білімді, білік пен дағдыларды бекіту кезеңінде сараланған және жеке тапсырмаларды қолдану сабақтың мақсатына, оқушылардың дайындық деңгейіне және пәнге деген қызығушылығына байланысты анықталады. Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану әр оқушының мүмкіндігін ескере отырып, оның дамуына сәйкес жұмыс жүргізуге жағдай жасайды.[5]

Бастауыш білім беру кезеңі — баланың тұлғалық, танымдық және шығармашылық дамуының іргетасы қаланатын ерекше кезең. Осы сатыда әр оқушының жеке ерекшеліктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын ескеру — сапалы білім берудің басты шарты болып табылады.

Жекелендірілген және сараланған оқыту әдістерін жүйелі қолдану оқушылардың оқу жетістіктерін арттырумен қатар, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Әр оқушының жеке мүмкіндігіне сай тапсырмалар беру, түрлі деңгейдегі көмек көрсету және оқыту қарқынын реттеу оқушыны өз бетімен ойлауға, ізденуге және жаңа шешім табуға ынталандырады.

Осылайша, саралау мен жекелендіру бастауыш мектепте шығармашылық қабілеттерді дамытудың тиімді құралы болып табылады. Ол оқыту процесін оқушының дара ерекшеліктеріне бейімдеп, білім берудің тұлғалық-бағдарлы бағытын жүзеге асыруға, сонымен қатар шығармашыл, ойлай білетін, өзіне сенімді тұлға қалыптастыруға жағдай жасайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР «Білім туралы» заңы, 8-бап, 1 тармақ
2. 2024-2025 жылға арналған оқу-әдістемелік нұсқау хат
3. Кузьменко И. В. Бастауыш жалпы білім берудің ФГОС енгізілу жағдайында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту // Ғылыми ізденіс. — 2012.
4. Чумакова С. П. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту: әдістемелік ұсынымдар / С. П. Чумакова. — Могилев: А. А. Кулешов атындағы ММУ, 2005. — 32 б.
5. Шадриков В. Д. Қабілеттерді дамыту // Бастауыш мектеп. — 2004.

УДК 37.013.42

## **ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ СТАНОВЛЕНИЕ МОЛОДЫХ ПЕДАГОГОВ: КОМПЛЕКСНЫЙ ПОДХОД К УСПЕХУ**

**Белоусова Анна Леонидовна,**  
магистр, педагог-исследователь,  
заместитель директора по научно-  
методической работе,  
КГУ «Школа-лицей №1 отдела образования

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ



### АЛҒЫ СӨЗ

#### Приветственное слово

**Наурызбаева Эльмира Кенжегалиевна** Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, Басқарма мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)

3

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР



#### ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<b>Жампеисова Корлан Кабыкеновна, Ішпекбаев Жанатбек Ешенқожаұлы, Увалиев Талгат Ошанович</b>	Болашақ мұғалімдерді кәсіби оқытуда интерактивті оқыту	9
<b>Eva Smetanová</b>	Beyond knowledge: competence-based learning for the 21 <sup>st</sup> century professional	19
<b>Мауленов Қалыбек Сапарұлы</b>	Цифрлық дәуірдің метақұзыреттері: жасанды интеллектті саналы қолдану арқылы оқыту және өзін-өзі білімдендіру	25
<b>Усольцев Александр Петрович</b>	Гуманитарный потенциал естественнонаучных дисциплин	30

## 1 СЕКЦИЯ

### БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ФИЗИКАЛЫҚ БІЛІМ



### ФИЗИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ ТРАНСФОРМАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

#### МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдирашидова Элмурадқызы, Нупирова Арайлым Маратовна</b>	<b>Дилнура</b>	Физика сабағында жоба әдістемесін жүзеге асыру	<b>35</b>
<b>Абишева Алина Муратовна, Серік Мария Мырзаханқызы, Бимагамбетова Купбергеновна</b>	<b>Баян</b>	ЖИ мүмкіндіктерін биология - физика пәндерін инклюзивті оқытуда тиімді қолдану	<b>42</b>
<b>Алдиярова Айгерим Сергазыевна</b>		STEM-білім беру тәсілі: іске асырудың артықшылықтары мен қиындықтары	<b>48</b>
<b>Алпеисова Карина Дулатовна, Телегина Оксана Станиславовна</b>		Давление в спорте – способ сделать физику увлекательной	<b>53</b>
<b>Ахмет Альфия Қайратқызы, Нупирова Арайлым Маратовна</b>		Оқушылардың қисынды ойлауын дамытудағы физикадағы физикалық есептердің рөлі	<b>58</b>
<b>Балацко Олеся Дмитриевна, Калакова Гульсим Кабдуллоевна</b>		Роль учебного эксперимента при изучении свойств жидкостей	<b>64</b>
<b>Бақытжан Гүлсезім Қайыржанқызы, Нупирова Арайлым Маратовна</b>		Физика сабақтарында саралап оқыту технологиясын қолдану	<b>71</b>
<b>Ейкель Алена Рафиковна</b>		Создание виртуальных лабораторных опытов с использованием технологий искусственного интеллекта	<b>76</b>
<b>Ельясов Казыбек Кайыржанович, Калакова Гульсим Кабдуллоевна</b>		Использование интернета в учебном процессе по физике	<b>84</b>
<b>Ерсултанова Зейнеп Сапарғалиевна, Ерсултанова Зауреш Сапарғалиевна</b>		Электрлік тізбектерді компьютерлік модельдеу	<b>90</b>
<b>Жақан Әміржан Қайыржанұлы</b>		Разработка STEM-симуляторов по физике с использованием инструментов ИИ	<b>96</b>
<b>Жусупова Алия Болатовна, Калаков Берген Абитович</b>		Физика пәнінде функционалдық сауаттылықты арттыру	<b>102</b>
<b>Касымская Анастасия Ивановна</b>		Программа курса по выбору «Физика вокруг нас: наука в действии» для обучающихся 8-9 классов общеобразовательных школ как средство формирования функциональной грамотности критического мышления учащихся	<b>108</b>

<b>Кузнецов Никита Алексеевич, Калакова Гульсим Кабдуллоевна</b>	Визуализация физических процессов: роль эксперимента и цифровых технологий	<b>113</b>
<b>Қалиева Жұлдыз Төлеуханқызы, Нупирова Арайлым Маратовна</b>	Жаратылыстану пәндерімен кіріктіре оқытуда физиканың рөлі мен әдістемесі	<b>118</b>
<b>Құдайберген Ботакөз Баймұратқызы, Рыстыгулова Венера Ботабаевна, Төлегенова Ақбота Берікбайқызы, Кужуханова Жадра Асаутаевна, Саттыкова Бану Ержанқызы</b>	Физикалық ұғымдарды қалыптастыруда жасанды интеллектке негізделген білім беру комикстерін қолданудың тиімділігі	<b>123</b>
<b>Мурзахметова Даяна Азаматовна, Калакова Гульсим Кабдуллоевна</b>	Формирование мыслительных и познавательных навыков при изучении физики в классах гуманитарного профиля	<b>131</b>
<b>Нупирова Арайлым Маратовна</b>	Төңкерілген сынып» технолоиясы физика сабағында тәуелсіздікті дамыту құралдарының бірі ретінде	<b>135</b>
<b>Оразалинова Дамелі Қаирбекқызы</b>	Физика пәннің сабақтарында жасанды интеллект, виртуалды зертханаларын пайдалану	<b>141</b>
<b>Пепке Влада Станиславовна, Телегина Оксана Станиславовна, Тастанов Мейрамбек Габдуалиевич</b>	Проблемно-исследовательский подход как средство формирования познавательской активности учащихся на уроках физики	<b>147</b>
<b>Репке Vlada Stanislavovna, Tastanov Meirambek Gabdualievich, Mongotov Kazbek Bergentaevich</b>	The influence of research activities on the formation of motivation for studying Physics	<b>155</b>
<b>Райн Полина Александровна, Калакова Гульсим Кабдуллоевна</b>	Средства, методы и формы обучения физики, ориентированного на формирование универсальных учебных действий	<b>162</b>
<b>Ребик Анастасия Викторовна, Телегина Оксана Станиславовна</b>	Современные подходы к организации лабораторных работ по физике в общеобразовательной школе	<b>167</b>
<b>Сапиева Дарина Мухтаровна, Нупирова Арайлым Маратовна</b>	Физика сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру жолдары	<b>173</b>
<b>Сармурзина Айнура Нурбековна, Калакова Гульсим Кабдуллоевна</b>	Автомобиль как объект изучения физических явлений в школе	<b>177</b>
<b>Сафронов Андрей Викторович, Майер Федор Федорович</b>	Интерактивные симуляции как средство актуализации учебного процесса на уроках физики	<b>186</b>
<b>Ховалкина Александра Алексеевна, Телегина Оксана Станиславовна</b>	Разработка методики внедрения систем искусственного интеллекта в процессе преподавания физики	<b>191</b>
<b>Шваб Михаил Иванович, Езехель Евгения Александровна</b>	Интеграция элементов нейрогимнастики и физической культуры в обучение физике в условиях инклюзивного образования	<b>198</b>

## Секция 2

### ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ МАТЕМАТИКА: ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДЕН БОЛАШАҚТЫҢ БІЛІМІНЕ ДЕЙІН



#### МАТЕМАТИКА В ЭПОХУ ИИ: ОТ СОВРЕМЕННЫХ ПРОБЛЕМ ДО ОБРАЗОВАНИЯ БУДУЩЕГО

#### МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абилова Кунель Аледдин-гызы, Готфрит Валерия Фридриховна</b>	Оценка эффективности визуальных методов обучения математическим концепция и глубины усвоения материала учащимися	<b>203</b>
<b>Аменова Айнура Бауржановна, Козова Жанар Косылбаевна, Пастушенко Марина Владимировна</b>	Интерактивные технологии на уроках математики как способ повышения мотивации учащихся	<b>208</b>
<b>Асканбаева Галия Баймухаметовна, Алимбаев Алибек Алпысбаевич, Еришева Асыл Аубакировна</b>	Планиметриялық есептерді шешуде координаталық әдістің қолданылуы	<b>213</b>
<b>Байгабулова Карина Еркиновна, Испулов Нурлыбек Айдарғалиевич</b>	Тасымалдау және конвекция-диффузия теңдеуін шешудің сандық әдістері: дәлдігін, тұрақтылығын және есептеу тиімділігін талдау	<b>218</b>
<b>Байканова Дана Куанышқызы, Темерханова Асемгуль Есмхановна, Есенгазина Жанар Иргебаевна</b>	Искусственный интеллект в обучении математике: возможности и риски	<b>225</b>
<b>Байшалганва Алина Сергеевна</b>	Как информационные технологии на уроке математики помогают преодолеть дискалькулию	<b>233</b>
<b>Болат Дамир Еркінұлы, Демисенова Женискуль Сейтжановна</b>	Зачем нужна производная	<b>238</b>
<b>Гриб Марина Викторовна, Рсалина Саржат Мухамбеткалиевна</b>	Взаимодействие учителя математики и логопеда в развитии математической речи у учащихся с ЗПР И ТНР	<b>244</b>
<b>Демисенова Женискуль Сейтжановна, Есмаганбетова Гильмира Абильтаевна</b>	6-сынып оқушыларын математикалық модельдеуге үйретуде STEM-жобалардың тиімділігі	<b>248</b>
<b>Ережел Нұржігіт Айдарұлы, Раисова Гульшат Тлеубаевна</b>	Математикадан сыныптан тыс сабақтарда цифрлық құралдарды қолдану арқылы 5–6-сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру	<b>252</b>
<b>Жумасаева Бибигуль Сагандықовна, Жумасаева Асель Сагандықовна</b>	Математика мен жи:қазіргі қиындықтар және жаңа мүмкіндіктер	<b>260</b>
<b>Кабиева Алтынгүл Марксовна</b>	Математика пәнін оқытуда жасанды интеллект мүмкіндіктері	<b>264</b>

<b>Калиева Молдир Буркитовна, Раисова Гульшат Тлеубаевна</b>	Математика сабағынан тыс іс-шараларда 5-сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудағы рөлдік және топтық жұмыстың мүмкіндіктері	<b>269</b>
<b>Кункабаева Аяжан Нурболовна</b>	Геометрия сабақтарында жобалау қызметі арқылы математикалық ойлауды дамыту	<b>273</b>
<b>Медведева Мария Михайловна</b>	Особенности организации урока математики для детей с нарушениями слуха в условиях инклюзивного образования	<b>280</b>
<b>Муратова Рушан Ринатовна</b>	Современные цифровые ресурсы и технологии для инклюзивного обучения математике	<b>286</b>
<b>Назарова Айгуль Айдеркановна</b>	Математика и искусственный интеллект: практические подходы к формированию функциональной грамотности студентов	<b>294</b>
<b>Раисова Гульшат Тлеубаевна, Дауренбекова Айгуль Талгатовна</b>	Возможности цифровых образовательных технологий для формирования готовности к конструктивному взаимодействию у будущих учителей математики	<b>300</b>
<b>Тапал Ұлбосын Бектепбергенқызы, Гусева Марина Владимировна, Бисебаева Айжан Кайратовна</b>	Искусственный интеллект в математическом образовании: инструменты, кейсы, вызовы	<b>307</b>
<b>Тастанова Акбота Жумагалиевна, Абишева Нурсулу Биржановна</b>	Логикалық математикалық есептер негізінде оқушылардың аналитикалық және зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру	<b>313</b>
<b>Төремаханова Гүлмира Қалмұратқызы</b>	Математикада цифрлық және интеллектуалды технологияларды қолдану	<b>324</b>
<b>Тукенова Камар Аманкелдиевна, Алимбаев Алибек Алпыспаевич</b>	Проблемалық оқыту технологиясы негізінде оқушылардың ездігінен білім алу дағдыларын дамыту	<b>329</b>
<b>Туманова Канагат Мулдачевна</b>	Математика в эпоху ИИ: от современных проблем до образования будущего	<b>334</b>
<b>Фазылова Айгуль Абдулгалимовна</b>	Педагогические условия формирования у будущих учителей математики готовности к развитию математического мышления учащихся	<b>338</b>
<b>Хайруллина Жанна Салаутқызы, Қостөре Данагүл Болатжанқызы</b>	Жасанды интеллект дәуіріндегі инклюзивті математиканың бейнесі	<b>346</b>
<b>Ысмағұл Роза Сапабекқызы, Таспаева Айгерим Бауыржанқызы</b>	Стандартты емес есептерді шешудің әдістемелік ерекшеліктері	<b>349</b>
<b>Ярош Карина Игоревна</b>	Национальная игра «Тогыз кумалак» как инструмент развития критического мышления и способ повышения мотивации учащихся 5–6 классов	<b>355</b>

## Секция 3

### ҚОҒАМ МЕН БІЛІМНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР



